

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Шығыс № 20-02-82
21.01.26

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА


Тұрар Рысқұлов ауданының білім бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, құрметтеу және қадірлеу мақсатында **2026 жылдың 12 ақпан күні** «Рәміздер – Елдің Рухы» атты аудандық сырттай сурет байқауы өткізілетінін хабарлайды.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес аудандық іс-шараға қатысатын білім алушылары туралы мәліметті ағымдағы жылдың **10 ақпан күніне** дейін аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға жіберілуін қамтамасыз етулеріңізді тапсырады.

Ескерту! Байқаудың ережесі қосымша жолданады. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымша: 2 бет

Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы



Б.Қ.Самылтыров

Орындаған: Н.Дархамбекова
Тел: 2-14-10

**Бекітемін»**
Е. Рыскулов ауданының
білім бөлімінің басшысының
міндеттерін уақытша атқарушы
Самылтыров Б.К.
« 21 » 01 2026ж

«Рәміздер - Елдің Рухы» атты аудандық
сурет байқауын сырттай өткізу
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы Ереже

1. «Рәміздер - Елдің Рухы» атты аудандық сурет байқауын өткізу ережесі (бұдан әрі – Байқау) оның мақсатын, міндеттерін, анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Өскелең ұрпақтың бойында адамгершілік-патриоттық сезімді, Отанға деген сүйіспеншілікті ояту;

2.2. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге және қадірлеуге шақыру;

2.3. Халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеуге тәрбиелеу.

3. Байқауды ұйымдастыру уақыты мен орны

3.1. Аудандық байқау **2026 жылдың 12 ақпан күні** аудандық білім бөлімі базасында сырттай өткізіледі.

3.2. Байқауға қатысатын үміткерлердің сұранысы және жұмыстары **2026 жылдың 10 ақпан күніне дейін** аудандық білім бөлімінің әдіскері Н. Дархамбековаға өткізілуі тиіс.

4. Байқауға қатысушылар

4.1. Байқауға аудандық білім беру мекемелеріне қарасты әр мектептен жас ерекшелігіне байланысты бір жұмыс қабылданады.

5. Байқау талаптары

5.1. Аудандық байқауға 5-9 сынып аралығындағы оқушылары қатыса алады, Орта жас санаты бойынша 10-13 жас 1 оқушыдан 5-7 сынып аралығы, жоғарғы жас санаты бойынша 14-15 жас 1 оқушыдан 8-9 сынып аралығындағы оқушылар қатыса алады.

5.2.. Жұмыс кез келген бейнелеу техникасында орындалуы мүмкін: акварель, гуашь, қарындаш, тушь, пастель, граттаж, аралас техника, балауыз борлары, түрлі-түсті қарындаштар.

6. Жұмысты рәсімдеу

6.1. Жұмыс форматы-А3, жұмыстар "паспорт" тәсілімен рәсімделуі, баспа нұсқасында орындалған паспорты болуы тиіс.

6.2. Жұмыстың төменгі оң жақ бұрышында іліспе зат таңбасы (эстетикасы) болуы тиіс;

6.3. Жұмыс атауы, авторы (толық аты-жөні), мектебі, сыныбы, жасы, жетекшісінің аты-жөні көрсетіледі.

7. Шығармашылық жұмысты бағалау критерийлері

- Жұмыстың байқау тақырыбына сәйкестігі;
- Шығармашылық көзқарас дәрежесі;
- Байқау тақырыптарының ашылу ерекшеліктері;
- Жұмыстың көркемдік деңгейі, эстетикалық безендірілуі.

8. Байқауды өткізу мерзімі


Аудандық «Рәміздер - Елдің Рухы» атты аудандық сурет байқауы 2026 жылдың 12 ақпан күні аудандық білім бөлімі базасында өткізіледі. Байқауға сұраныс және оқушылардың жұмыстары 2026 жылдың 10 ақпан күніне дейін аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға өткізілуі тиіс. Осы мерзімінен кейін берілген сұраныс және ережеге сәйкес келмеген жұмыстарды байқау комиссиясы қарастырмайды.

Сұраныс үлгісі: мектеп атауы, қатысушының аты-жөні, жасы, сыныбы, жұмыс тақырыбы, жетекшісі көрсетілуі тиіс.

9. Қатысушыларды марапаттау және байқауды қорытындылау

Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды әр жас санатында анықтайды. Байқаудың жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар Бас жүлде және I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Жұмыстар "паспорт" тәсілімен рәсімделуі



Жұмыс тақырыбы

Автор (толық аты-жөні), Мектеп, Сынып

Жетекшісі: (толық аты-жөні)